



«Бекітемін»

№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай-балабақшасы КММ-і

меңгерушісі *Нұрмағанбетова* Нұрмағанбетова

**№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай-балабақшасы КММ-нің**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру

бойынша жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы:

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштаған ұғымы

Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамытуда білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

Күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – тәрбиеленушілердің бос уақытын ұлттық ойын түрінде ұйымдастыру,

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – ұйымдастырылған іс – әрекет уақытында, түскі тынығу сәтінде кезінде арнайы күй тыңдату.

Апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – Күнделікті таңертеңгі жаттығу уақытында Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Алдын алу шаралары

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;

Өмірге салауатты қадам;

Қоғамдық мүлікті қорға!

Қауіпсіз қоғам.

жыл сайын: «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.

IV. Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

Отан, ел, туған өлке туралы білу;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу;

мемлекеттік тілді білу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу;

туған өлкенің табиғатын қамқорлықпен қарау.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

отбасындағы, балабақшадағы мінез-құлық нормаларын білу;

басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу;

ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы;

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

әрекетіне жауапты болу;
уәделерді орындай білу.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелерін білу;
үлкендерді құрметтеу;
үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстау.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

үйде, топта қарапайым әрекеттерді орындауға көмектесу;
үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау;
жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;
жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

шығармашылық қиял мен қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық;
сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту;
алған білімді жаңа нәрсе жасау үшін қолдана білу.

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын
жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары**

Күнделікті атқарылатын іс-шара				
Апта дәйексөзі: Ежелден ел тілегі – ер тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі! (Б.Момышұлы)				
№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
1	«Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскері, психолог, логопед	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Өңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері,	Күнделікті
3	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Мектеп жасына дейінгі балалармен ойын, танымдық, эксперименталдық іс-әрекеті. Ата-аналарға арналған жадынамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	Мектепке дейінгі ұйымның, мектепалды тобының тәрбиешілері, ата-аналар	Күнделікті Жыл бойы
4	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілер,	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

	және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру			
Апта сайын				
1	«Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы	Күнделікті	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыка жетекшісі, әдіскері, дене шынықтыру нұсқаушысы	Жыл бойы
2	«Апта дәйексөздері» - ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемо кестелерде ойнату, ақпарат тақтасы	Дәйексөздерді ақпараттық стендттерде ,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру	Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі, әдіскері	Жыл бойы
3	«Менің қауіпсіздігім» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері,	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1	1 қыркүйек - Білім күні «Менің балабақшам»	Балабақшада экскурсия өткізу	Э.Нұрмағанбетова меңгеруші К.Серикбаева әдіскер Барлық педагогтер	1- апта 02.09. 2024 ж

2	«Тілім менің тірегім»	Тіл туралы тақпақтар айтқызу, дидактикалық ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	«Кітап – менің қазынам» тақырыбындағы балалалар кітапханасы	Көрме Акция	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері	3-апта
4	«SMART BALA» жобасы	Құрастыру бойынша балалар көрмесі	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	4-апта
5	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Бестемше:«Дарабоз»(тәрбиеленушілердің арасында) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында)	Ұлттық ойындар сайысы	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскері,	2-3-апта
6	«Көшедегі қауіпсіздік» Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар	Барлық топ тәрбиешілері	Үнемі

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз» (мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында)	Жарыс ойыны	Мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру нұсқаушысы	1-апта
2	Менің елім - Мәңгілік ел!	Сурет көрмесі	«Балдәурен», «Күншуақ»	2-апта

			ересек топтары	
3	«Қазақстан туған елім, ұлы елім»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыка жетекшісі. Ересек, мектепалды топтары	3-апта
4	«Алтын күздің байлығы» жәрмеңкесі	Көрме	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	4-апта
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
1	«Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі»	Сайыс	«Аналар мектебі» «Ананың сөзі - тәрбие көзі» «Құлыншак», «Бөбек», «Бүлдіршін» топтары «Әкелер мектебі» «Әкем отбасымның - тірегі» Ересек топтары «Әжелер мектебі» «Менің әжем - шебер» «Алтын кілт» мектепалды тобы	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Қаржылық сауаттылық» тақырыбы аясында «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар	Барлық топтар, педагогтер	2-апта

3	«Адал ұрпақ»	Мультфильм қарау	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
1	«Қыс қызықтары» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында)	Зияткерлік ойындар	К.Серикбаева М.Үмертаева	1-апта
2	«Республикам – мақтанышым!»	Ертеңгілік	Р.Марат Музыка жетекшісі, барлық педагогтер	2-апта
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1	«Асық асыл қазына»	Ұлттық ойындар челленджі	А.Төменбай дене шынықтыру нұсқаушысы, барлық педагогтер	1-апта
2	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (мектепалды жастағы балалар үшін)	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	Зерек бала	Танымдық, зияткердік ойын сайысы	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы				
1	«Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам:	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	«Бөбек», «Бүлдіршін» тобы «Қарды зерттеу» «Құлыншак» Сиқырлы су «Балдәурен» тобы «Күнщуак» тобы «Ауаны зерттейміз» «Алтын кілт» тобы «Бояулар сыры»	1-апта
2	Үстел үсті ойындары	Үстел үсті дамытушы ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	«Ұлттық өнер ұрпаққа мұра»	Қол бұйымдарының	Мектепке дейінгі ұйымның	3-апта

	(тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	көрмесі	тәрбиешілері, ата-аналар	
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
1	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері	1-апта
2	«Ананың аялы алақаны»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	1 апта
3	«Наурыз – жыл басы!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	3-апта
4	«Құрақ көрпе»	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері,	4-апта
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1	«Құстарға қамқор болайық» Құстарға ұя жасау	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	1-апта
2	«Үлкенге құрмет, кішіге ізет»	Театр Ертегі қойылымдары	Барлық топтар, педагогтер	2-апта
3	«Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары	Сюжетті-рөлдік ойындар	Барлық топтар, педагогтер	3-апта
4	«Кітаппен жарқын әлемге»	Ертегі кітаптарынан көрме	«Алтын кілт» мектепалды тобы	3-апта
5	«Әжемнің ертегілері»	Театр, ертегі қойылымдары	Барлық топтар	4-апта
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы				
1	«Құпия сыйлық»	Балалар суретінің көрмесі	«Балдәурен», «Күншуақ» ересек топтары	1-апта
2	«Ынтымақ – достық кепілі»	Ертеңгілік	Жоғары топтар	2-апта
3	«Табиғатты сақтайық»	Жасыл көрме	Ересек, мектепалды топтары	3-апта

